



«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті» КеАҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
**БЕКІТІЛДІ**

(2022 жылғы 14.03 № 22/22 хаттама)

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ  
қызметкерлерінің корпоративтік мәдениет кодексі

Нұр-Сұлтан қ., 2022 жыл

## **1. Жалпы ереже**

1. «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ қызметкерлерінің корпоративтік мәдениет кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» №190 бұйрығының, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысының нормаларына, жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына сәйкес әзірленді және еңбек заңнамасының нормалары мен Қоғамның ішкі еңбек тәртібі ережелерін алмастыра алмайды.

2. Осы кодекс Қоғам қызметкерлерінің іс-әрекеттері мен мінез-құлқына қойылатын негізгі талаптарды белгілейді. Қоғам қызметкерлері арасындағы қатынастар өзара сыйластық және жүктелген міндеттемелерді адал орындау негізінде туындайды, өзгереді және тоқтатылады.

3. Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) корпоративтік мәдениет – бұл қоғамға тән құндылықтар, қағидаттар, мінез-құлық нормалары мен қарым-қатынастар жиынтығының негізінде құрылған жұмыс және өзара іс-қимыл процестері.

2) корпоративтік этика – лауазымды тұлғалар мен барлық қызметкерлер өз қызметінде басшылыққа алатын іскерлік мінез-құлықтың этикалық қағидаттары мен нормаларының жиынтығы;

3) лауазымды тұлғалар – Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма төрағасы және мүшелері.

4) мүдделер қақтығысы – Қоғам қызметкерінің жеке мүдделері лауазымдық міндеттерін бейтарап орындауына ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін жағдай.

5) тікелей басшы – Қоғаммен еңбек қатынастарында тұратын, белгілі бір құрылымға, бөлімге және өз бағыныштыларының еңбек қызметіне тікелей жауапты тұлға.

6) қызметкер – Қоғаммен еңбек қатынастарында тұратын және жұмысты еңбек шарты бойынша тікелей орындайтын адам.

4. Осы Кодексте көрсетілген, бірақ айқындалмаған терминдер заң мен Жарғыда қолданылған мағынада пайдаланылады.

## **2. Кодекстің мақсаттары, құндылықтары және қағидаттары**

5. Осы Кодекстің мақсаты – бірыңғай корпоративтік мәдениетті нығайту, Қоғамда сенім, өзара құрмет пен парасаттылықты қолдау, сондай-ақ қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал туғызу және әдепке жат мінез-құлықтың алдын алу.

6. Қоғамның әрбір қызметкері, оның лауазымына, жұмыс орнына және атқаратын қызметтік функцияларына қарамастан басшылыққа алуы тиіс негізгі қағидаттар:

1) Қоғамның барлық қызметкерлері тең дәрежеде жеке тұлғаны құрметтеуі;

2) әріптестер арасындағы қарым-қатынаста адалдық, сыйластық, сыпайылық, әдептілік, өзара түсіністік, сенім және ынтымақтастық атмосферасын құру;

3) әріптестер арасында тәжірибемен және ақпаратпен алмасу, бір-біріне жақсы нәтижеге қол жеткізуде көмек көрсету, топта жұмыс істей білу;

4) ұқыптылық, функционалдық міндеттерін нақты және уақытылы орындау, өзін-өзі тәрбиелеу, ұйымдастырушылық және нәтижеге жұмыс істей білу;

5) өз жұмыс уақытын және әріптестерінің жұмыс уақытын, сондай-ақ Қоғам мүлкін ұтымды пайдалану;

6) заңдылық, ашықтық, кадрларды іріктеуден, қызмет бабында ілгерілетуден, қызметкерді босатудан бастап кез келген белгілер бойынша кемсітудің барлық нысандарынан, сондай-ақ протекционизмнің кез келген түрлерінен бас тарту, жекелеген қызметкерлерге берілетін артықшылықтар мен жеңілдіктер тек заңды негізде ғана ұсыну;

7) қызметкерлердің саламатты өмір салтына ұмтылысы және отбасылық құндылықтарды құрметтеу.

7. Кадрларды іріктеу және жоғарылату тек кәсіби қабілеттер, білім мен дағдылар негізінде жүргізілуі тиіс, бұл ретте Қоғам әкімшілігі барлық қызметкерлерге бейтарап және әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етуге міндетті.

8. Қоғамдағы өзара іс-қимыл адамды құрметтеу және нәтижеге бағытталу негізінде құрылады, кәсіби және жеке даму үшін жағдайларды қамтамасыз етуі, сондай-ақ ұжымда сындарлы қарым-қатынасты сақтауы тиіс.

9. Қоғамның құндылықтары:

1) қызметкерлердің қадір-қасиеті мен құқықтарына құрмет;

2) еңбек қызметі үдерісінде тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін тең мүмкіндіктер;

3) Қоғамның дәстүрлерін сақтау және дамыта білу;

4) жеке тұлғалық дамуға және шығармашылық өсуге ұмтылу;

5) академиялық жауапкершілік.

### **3. Мінез-құлық стандарттары**

10. Қоғам қызметкерлері:

1) Қоғам мүдделерін негізге ала отырып, адал ниетпен, толық белсенділікпен жұмыс істеуге, кәсібилік құзыреттілігін үнемі арттырып отыруға;

2) жұмыс уақытында қызметтік міндеттемелерді орындауға байланысты істермен ғана айналысуға;

3) кәсіби қызметте іскерлік қарым-қатынастың ең жоғары стандарттарын ұстану, заңды және жеке тұлғалармен өзара іс-қимыл кезінде Қоғамның іскерлік беделі мен имиджін қолдауға;

4) бекітілген жоспарларға, сондай-ақ Қоғамда қабылданатын шешімдерге сәйкес әрекет етуге;

5) адал, әділ, қарапайым болу, әріптестеріне еңбек тәртібінің, Қоғамға құрметпен және ұқыпты қараудың жеке үлгісі болуға;

6) әрқашан өзінің кәсіби білімі мен іскерлігін жетілдіруге;

7) сындарлы сынды қабылдауға;

8) тиімді жұмысқа кедергі келтіретін іс-әрекеттерден аулақ болу, бұл ретте олардың жеке, отбасылық және басқа да жағдайлары, сондай-ақ қаржылық мүдделері шешім қабылдауға ықпалын тигізбеуге;

9) өз лауазымдық міндеттерін сапалы және мерзімінде орындау, оңтайлы шешім іздеуге ұмтылу, өз жұмысының нәтижесі үшін жауапты болуға;

10) ықтимал теріс салдарларды барынша азайту мақсатында өз қателіктерін мойындауға және олар туралы тікелей басшыларға хабарлауға;

11) корпоративтік құндылықтарды, этикалық қағидаларды және мінез-құқық нормаларын сақтай отырып, оң беделді сақтауға;

12) іскерлік этикетті, киімнің іскерлік стилі мен атрибуттарды сақтауға (тек қызмет көрсетуші персонал, IT-бөлімшелер, курьерлер үшін ғана өзгешілікке рұқсат беріледі. Қызметкердің көрінісі өкілдік, сенімділік, тұрақтылықты бейнелеуі керек);

13) жұмыс орнында және Қоғамның барлық аумағында тазалық пен тәртіпті сақтауға;

14) Қоғамның мүлкін пайдалануға ұқыпты қарауға;

15) жұмыс орнында болғанда және лауазымдық міндеттерін орындау кезінде еңбек қауіпсіздігі техникасын қатаң сақтауға;

16) әрқашан Қоғамнан тыс жерде де оның өкілі екенін есте сақтауға;

17) құпия ақпаратты құрайтын деректермен, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес дербес деректермен жұмыс істеу кезінде ерекше жауапкершілік көрсетуге;

18) құпия ақпаратқа қолжетімділігі жоқ басқа қызметкерлерге, сондай-ақ Қоғамнан тыс кез келген үшінші тұлғаларға құпия ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуді және жария етуді болдырмауға көмек көрсетуге және деректердің жоғалуына немесе жойылуына жол бермеуге;

19) ақпараттың құпиялылығын сақтау ережелерін бұзу немесе жүйелер мен құрылғылардың қауіпсіздігін бұзу туралы мәліметтерді алған кезде осы факті туралы тікелей басшыға дереу хабарлауға;

20) көпшілік алдында сөйлеген сөздеріне абай болуға міндетті.

Бұқара ақпарат құралдары (бұдан әрі – БАҚ) мен интернет желісінде адамның шығу тегі, ұлты, нәсілі, жынысы, әлеуметтік, лауазымдық және тұрмыстық жағдайы бойынша кемсітетін жазба, айтылым, пайымдау немесе бағалауды жариялауға жол берілмейді.

Қызметкер Қоғам қызметіне байланысы жоқ БАҚ-тағы, әлеуметтік және интернет желісіндегі кез келген жария жазбалары, пікірлері, пайымдары немесе бағалары үшін өзі жеке жауап беретін болады.

21) Қазақстан Республикасының еңбек және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарының нормаларын сақтауға;

22) осы Кодексте белгіленген корпоративтік этика қағидаларын сақтауға міндетті.

#### 11. Қызметкерлерге:

1) жұмыс уақытында Қоғам объектілерінде немесе оның мүлкін пайдалана отырып саяси және діни қызметті жүзеге асыруға;

Көрсетілген қызмет салаларына қатысқан жағдайда олар Қоғам өкілі ретінде емес, тек өз атынан ғана әрекет ете алады;

2) егер өкілеттігі болмаса, Қоғам атынан жүгінуге;

3) өзінің қызметтік жағдайын жеке басы үшін пайдалануға;

4) ұжымда жағымсыз атмосфера қалыптастыратын, соның ішінде жұмыс орнындағы әріптесінің лайықсыз мінез-құлқының куәсі болғанда, қауіп-қатер төнгенде, қысым көрсетілгенде, зорлық-зомбылық жасалғанда, әріптестерінің мінез-құлқы қолайсыздықтар туғызса, жасыруға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның келісімінсіз, сондай-ақ олар қабылданған міндеттемелерге сәйкес Қоғамдағы еңбек қызметін тоқтатқаннан кейін құпия ақпаратты жария етуге, оны үшінші тұлғаларға беруге және өз мақсаттары үшін пайдалануға;

6) жұмыс орнында масаң күйде жүруге;

7) Қоғамның, оның қызметкерлерінің, Қоғамға мүдделі тараптарының жұмысын немесе Қоғамдағы жеке жұмысты бұрыс немесе бұрмаланған түрде білдіретін жария сөздерге тыйым салынады.

Көпшілік алдында сөз сөйлеуге, Қоғам оқиғаларына түсініктеме беруге немесе БАҚ-та, соның ішінде интернетте мәлімдеме жасауға тек осыған уәкілеттік берілген тұлғаларға (Басқарма төрағасы-ректордың уәкілдік берген тұлғасы, лауазымды тұлғалар, декандар, құрылым басшылары) ғана рұқсат етіледі.

#### 12. Тікелей басшы бағынысты тұлғаларға қатысты:

1) этикалық мінез-құлықтың жоғары стандартының, іскерлік әдеп нормаларын және осы Кодексте белгіленген қағидаларды сақтаудың жеке үлгісі болуға;

2) құқықбұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлерге қатысты қарсы шараларды болдыртпау саясатын қолдауға;

3) қызметкерлерді бағалау кезінде олардың осы Кодекс ережелерін сақтағанын ескеруге;

4) осы Кодекс ережелеріне сәйкес қызметкерлердің тұлғалық мінез-құлқын мадақтауға;

5) заңнамалық және өзге де талаптарды, оның ішінде әдеп пен мінез-құлық нормаларын бұзумен нәтижеге қол жеткізген қызметкерлерді қолдамауға және басымдық бермеуге;

6) қызметкерлер өздерін не мазалайтынын ашық мәлімдеуі үшін жағдай жасауға;

7) осы Кодекс ережелерінің орындалуын бақылауға және қамтамасыз етуді жүзеге асыруға міндетті.

13. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен тікелей басшылары корпоративтік рухты қалыптастырып, Кодекс талаптарының төменде көрсетілген тәсілдермен сақталуын қолдауы тиіс:

1) күнделікті қызметтегі осы Кодекстің қағидаларын сақтаудың артықшылықтарын түсіндіру үшін бағыныстылармен жеке жүйелі кездесулер өткізу;

2) бағыныстылар үшін осы Кодекстің құндылықтары шеңберінде мінез-құлық үлгісі болу;

3) Кодекс талаптарын сақтау – жұмыс орнындағы тиімділіктің міндетті факторы болып табылатынын жалпыға бірдей түсінуді қамтамасыз ету.

14. Қоғам қызметкерлері әріптестерімен қарым-қатынаста:

1) ұжым ішінде іскерлік қарым-қатынасты сақтауға;

2) нақты міндеттерді шешу кезінде ынтымақтасуға және өзара көмек көрсетуге;

3) ұжымдық бірлікті көрсетуге;

4) әдеп құндылықтарын сақтауға;

5) немқұрайлылық пен дөрекілікке жол бермеуге;

6) көмек қолын созғаны үшін алғыс айтуға;

7) сөз бен істі ұштастыруға, берген уәдеде тұруға;

8) өзгелердің пікіріне мұқият болып, сыйлауға;

9) өз әріптестеріне құрметпен қарап және әділетті болуға;

10) өз қателіктерін мойындауға/ жасырмауға;

11) шығу тегі, лауазымы, әлеуметтік, мүліктік жағдайы, ұлттық, нәсілдік, жыныстық белгілері бойынша бөлінбеуге;

12) бір-біріне және басқа адамдарға қандай да бір зиян келтіруі мүмкін әрекеттер мен мәлімдемелерге жол бермеуге;

13) қауесет таратпауға;

14) өз әріптестерін қорқытпауға, қорламауға;

15) әріптестер туралы пікірді парасат және заң аясында жеткізуге;

16) әріптестеріне агрессиясын көрсетпеуге және дауысын көтермеуге;

17) әріптестерінің жеке және кәсіби қасиеттерін өздерінің қатысуынсыз талқыламауға міндетті.

15. Қызметкерлер білім алушылармен қарым-қатынаста:

- 1) білім алушыларға үлгі болуға;
- 2) білім алушыларды әділ және объективті бағалауға, оқыту үшін барлық білім алушыларға тең жағдай жасауға;
- 3) баяндалатын материал туралы мәліметтерді алу көздерін, қажетті ақпаратты ұсынуға;
- 4) уақытқа тиянақты болуға, білім алушылардың сабақтарының немесе қосымша сабақтарының уақыты ауысқан жағдайда, алдын-ала хабардар етуге;
- 5) қызмет көрсету кезінде өз ойын нақты жеткізуге және сауатты болуға;
- 6) кез келген жағдайда білім алушыларға дауыс көтермеуге;
- 7) білім алушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорламауға;
- 8) білім алушыларға қатысты сыбайлас жемқорлық белгілері мен құқық бұзушылықтарға жол бермеуге;
- 9) білім алушыларға өздерінің діни, саяси, жыныстық және басқа да сенімдерін жүктемеуге, сабақ кезінде оқу процесіне қатысы жоқ кез келген үгіт-насихат жүргізбеуге міндетті.

16. Мүдделер қақтығысы мен жемқорлықтың алдын алу мақсатында Қоғам қызметкерлері:

- 1) қаржылық және өзге де іскерлік байланыстардан, сондай-ақ мүдделер қақтығысының туындауына себеп болып, Қоғамның тиімді қызмет етуіне кедергі келтіретін ұйымдармен бірлескен жұмысқа қатысудан аулақ болуға;
- 2) үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынастарда мүдделер қақтығысының туындауына бағытталған іс-әрекеттерден (әрекетсіздіктен) тартынуға;
- 3) отбасы жағдайлары салдарынан Қоғаммен мүдделер қақтығысын тудырмауға өз отбасы мүшелерін бағыттауға;
- 4) мүдделер қақтығысының, Қоғамның қаржылық немесе өзге де мүдделеріне қауіп-қатердің туындауы, бөгде жеке іскерлік мүдделердің туындауы, Қоғаммен іскерлік байланысы бар басқа ұйымға жұмысқа ауысу туралы ұсыныс алу және/немесе шешім қабылдау туралы тікелей басшыны дереу хабардар етуге міндетті.

17. Мүдделер қақтығысы мен жемқорлықтың алдын алу мақсатында Қоғам қызметкерлеріне тыйым салынады.:

- 1) сыбайлас жемқорлық әрекетіне қатысуға және қатысы бар қызметкерлерді жасыруға;
- 2) шешім қабылдау үдерісіне әсер етуі мүмкін ақша, ақша баламалары немесе кез-келген басқа заңсыз сыйлықтар мен соған ұқсас қызметтер, белгілерін ұсынуға, алуға және алмаққа ниеттенуге;
- 3) өзге нысандарда ақшалай төлем түрінде немесе соған ұқсас кез келген сыйлықтар беруге немесе алуға.

#### **4. Іскер серіктестермен ынтымақтастық**

18. Қоғам:

1) іскер серіктестермен өзара құрмет, сенім, адалдық және әділдік қағидаттарының негізінде ұзақ мерзімді тиімді ынтымақтастықта іс-қимылды жүзеге асырады;

2) Қоғамның іскерлік беделіне нұқсан келтірмейтін әріптестермен ынтымақтасады;

3) әріптестер алдындағы өз міндеттемелерін адал орындайды және олардан да осыны талап етеді, қызмет барысында туындайтын дауларды өзара қолайлы шешімдер арқылы табуға ұмтылып, келіссөз арқылы шешеді;

4) халықаралық құқық нормаларын, талаптары мен ережелерін, Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтайды;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ашық негізде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушілерді таңдауды жүзеге асырады және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізудің үздік бағасын, сапасы мен шарттарын, сондай-ақ өнім берушінің жақсы іскерлік беделіне қарай артықшылық беруге негізделеді;

6) өз қызметінде іскер әріптестерге негізсіз жеңілдіктер мен артықшылықтар ұсынуға жол бермейді.

## **5. Еншілес ұйымдармен өзара іс-қимыл**

19. Қоғам мен оның еншілес немесе тәуелді ұйымдарының өзара іс-қимылы заңдылық, ашықтық, сенім, өзара қолдау және бір-бірінің кәсібилігіне құрмет негізінде құрылады. Қоғам мен еншілес немесе тәуелді ұйымдардың бірлескен қызметінің өнімділігі Қоғам жұмысының тиімділігін толықтай айқындайды.

20. Қоғам еншілес немесе тәуелді ұйымдарға олардың жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында ұйымдастырушылық, басқарушылық және өзге де қолдау көрсетеді.

21. Қоғам еншілес немесе тәуелді ұйымдардың беделін қолдайды.

22. Еншілес немесе тәуелді ұйымдар:

1) өз өкілеттілігін және оларға жүктелген жауапкершілік шеңберінде өз қызметінің, Қоғам қызметінің тиімділігін қолдау және арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

2) Қоғамда қабылданған талаптарға сәйкес келетін басқару сапасын қамтамасыз етеді;

3) Қоғам стратегиясын іске асыруға ықпал етеді;

4) Қоғам беделін арттырады және Қоғам брендін нығайтуға ықпал етеді, қажет болған жағдайда Қоғам іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;

5) Қоғамға Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес қажетті дұрыс және заңды құжатты,



расталған жедел ақпарат пен есептілікті, оның ішінде жылдық қаржылық ақпаратты ұсынады.

## **6. Жауапкершілік**

20. Әрбір қызметкер әдеп нормаларының сақталуына және өзінің мінез-құлқы шеңберінде осы Кодекс құндылықтарының орындалуына жауап береді. Осы Кодекстің нормаларын сақтау лауазымды адамдар мен барлық қызметкерлер үшін тең дәрежеде міндетті болып табылады. Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері осы Кодекстің талаптарын бұзғаны үшін қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес жауапты болады.

Тікелей басшылар осы кодекссті енгізу үшін, оның нормаларын тиісті бөлімшелердің барлық қызметкерлерінің түсінуі үшін Қоғам Басқармасының алдында жауапты болады.

21. Қоғам қызметкерлерінің осы Кодекс нормаларын білмеуі немесе онымен танысудан бас тартуы, оларды корпоративтік нормалар мен қызметтік тәртіп ережелерін сақтаудан босатпайды.

22. Қызметкерлердің осы Кодекстің ережелерін білуі және сақтауы ішкі нормативтік құжаттарда белгіленген тәртіппен және шарттарда олардың кәсіби қызметінің сапасын және еңбек тәртібін бағалау критерийлерінің бірі болып табылады.

## **7. Бақылау шаралары**

23. Лауазымды тұлғалар және барлық қызметкерлер осы Кодекс талаптарын қатаң сақтауға және ол талаптардың кез келген бұзушылықтары туралы хабарлауға міндетті.

24. Лауазымды тұлғалар Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін осы Кодекстің құндылықтары мен қағидаттарын ескере отырып іскерлік шешімдер қабылдайды және өздерінің алдына қойылған міндеттерді іске асыру үшін толық жауапты болады.

25. Қоғамның уәкілетті органдары өз құзыретіне сәйкес осы Кодекс талаптарының бұзылуына байланысты мәселелерге төменде көрсетілгендей әрекет етуі міндетті:

1) жағдайды түзету және кемшіліктерді жою бойынша уақтылы шаралар қабылдау;

2) заңнамада белгіленген ретте тәртіптік сипаттағы пәрменді шаралар қабылдау/ұсыну;

Бұл іс-әрекеттер ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес рәсімделуі тиіс.

26. Қоғам Кодексті ашық талқылауға дайын қызметкерлерді көтермелейді және оны жетілдіру жөніндегі кез келген сындарлы ұсыныстарға оң қарайды.

27. Осы Кодекстің талаптарына қатысты, сондай-ақ осы Кодекстің талаптарын бұзу фактілері бойынша лауазымды тұлғалар, барлық қызметкерлер, іскерлік серіктестер мен мүдделі тұлғалар:

1) тікелей басшыға;

2) Этика жөніндегі комиссияға;

3) Тәртіп комиссиясына;

4) +7 7172 70 95 00 (ішкі 31140), +7 7172 25 34 41 жедел желі бойынша жүгіне алады.

## **8. Қорытынды ережелер**

28. Осы Кодекс интернет желісіндегі Қоғам сайтында ([www.enu.kz](http://www.enu.kz)) жарияланады және барлық бөлімшелерде қағаз түрінде болуы тиіс.

29. Қоғам қызметкерлері осы Кодекс Қосымшасының танысу парағына сәйкес осы Кодекспен танысуы тиіс.

30. Осы Кодекс Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

31. Осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар Директорлар кеңесінің шешімімен енгізіледі.

32. Осы Кодексте көзделген жекелеген шарттар қолданыстағы заңнамаға сәйкес келмеген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

*«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ қызметкерлерінің корпоративтік мәдениет кодексіне  
Қосымша*

## Таныстыру парағы

[illegible]